

Спортшының бір дене шынықтыру-спорт ұйымынан басқа дене шынықтыру-спорт ұйымына ауысуы қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 25 шілдедегі № 288 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 5 тамызда № 9681 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі "Дене шынықтыру және спорт туралы" Заңының 7-бабы 28) тармақшысына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Спортшының бір дене шынықтыру-спорт ұйымынан басқа дене шынықтыру-спорт ұйымына ауысуы қағидасы бекітілсін.

2. Стратегиялық даму департаменті (Д.Ү. Қамзебаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуге ұсынуды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауды, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің ресми интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. "Спортшының бір дене шынықтыру-спорт ұйымынан (спорт клубынан) басқа дене шынықтыру-спорт ұйымына (спорт клубына) ауысуы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігі төрағасы міндетін атқарушының 2004 жылғы 15 наурыздағы № 06-2-2/91 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 2 сәуірде № 2792 тіркелді, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде басылды, 2004 ж. № 37-40, 1003-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының орынбасары Е.Б. Қанағатовқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Спортшының бір дене шынықтыру-спорт ұйымынан басқа дене шынықтыру-спорт ұйымына ауысуы қағидалары

1 тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 26.06.2025 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Спортшының бір дене шынықтыру-спорт ұйымынан басқа дене шынықтыру-спорт ұйымына ауысуы қағидалары (бұдан әрі-Қағида) Қазақстан Республикасының "Дене шынықтыру және спорт туралы" Заңының 7- бабы 28) тармақшысына сәйкес әзірленген спортшының бір дене шынықтыру-спорт ұйымынан басқа дене шынықтыру-спорт ұйымына (бұдан әрі - ұйым) ауысуының тәртібін анықтайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 26.06.2025 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Ауысудың бірыңғай тәртібін белгілеу ашықтықты қамтамасыз ету және спортшыларды даярлау жүйесін жетілдіру, республиканың ұлттық командаларының және жекелеген спортшылардың халықаралық спорттық жарыстарда табысты өнер көрсетуін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

Осы Қағида мынадай ұғымдар қолданылады:

1) дене шынықтыру-спорт ұйымы (бұдан әрі-ұйым) – негізгі қызмет түрі ретінде дене шынықтыру мен спорт саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) спорттық қызмет туралы шарт – спортшы, жаттықтырушы немесе дене шынықтыру және спорт саласындағы өзге де маман мен дене шынықтыру-спорт ұйымы арасында жасалатын азаматтық-құқықтық шарт;

3) трансферттік карта (сертификат) - спортшыға шетелдік спорт ұйымы үшін өнер көрсетуіне құқық беретін рұқсат.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 26.06.2025 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Спортшы спорттық қызмет туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін бір дене шынықтыру-спорт ұйымынан басқа спорттық ұйымға ауысады.

Егер спортшы басқа ұйымға спорттық қызметі туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін ауысқан немесе шартта көзделген міндеттеме талаптарын

орындамаған жағдайда, спортшының ауысуы тек қана ұйымдардың өзара келісімімен болады.

2 тарау. Спортшының ауысуы және спорттық қызмет туралы шарт жасасуы

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 26.06.2025 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Спортшылардың ауысу мәселелерін, ұлттық аккредиттелген және жергілікті аккредиттелген спорттық федерациялар, дене шынықтыру және спорт саласындағы жергілікті атқарушы органдар, қарастырады және дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органмен мынадай тәртіпте келіседі:

1) спортшының, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың команда мүшесінің Қазақстанның шегінде бір ұйымнан басқа ұйымға ауысуы кезіндегі мәселені осы спорт түрі бойынша аккредиттелген спорттық федерация қарастырады және жергілікті атқарушы органмен келіседі;

2) спортшының, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың команда мүшесінің шетелдік дене шынықтыру-спорт ұйымына ауысуы кезіндегі мәселені осы спорт түрі бойынша аккредиттелген спорттық федерация, жергілікті атқарушы орган қарайды және дене шынықтыру мен спорт саласындағы уәкілетті органмен келіседі;

3) спортшының ауысуы кезінде спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық команда мүшесінің бір ұйымнан басқа ұйымға (соның ішінде шетелдік) ұйымға ауысуы кезіндегі мәселені осы спорт түрі бойынша аккредиттелген ұлттық спорттық федерация қарайды және дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 26.06.2025 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Ауысуға рұқсат алғысы келген спортшы еркін түрде жазылған өтініште өзінің тілегі туралы тиісті ұйымның басшысына және спорт түрі жөніндегі аккредиттелген спорттық федерацияға спорттық қызмет туралы шарттың қолдану мерзімінің аяқталуына кемінде бір ай қалғанда хабарлайды.

6. Спортшының ауысуын қарастыру және келісу мерзімі өтініш берілген күннен бастап бір айды құрайды.

7. Спортшының бір ұйымнан ауысуы басқа ұйымға мынадай негіздемелер болған жағдайда мүмкін болады:

- 1) мерзімді әскери қызметке шақырылса;
- 2) күндізгі оқу бөлімінде оқыса;

3) спортшы мен ұйым арасындағы спорттық қызмет туралы шарттың қолдану мерзімі аяқталса;

4) тараптардың келісімі бойынша спорттық қызмет туралы шарт мерзімінен бұрын бұзылса.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 26.06.2025 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Ұйым таратылған кезде спорттық жарыстар басталардан бұрын немесе оның барысында спортшы басқа ұйымға ауысады.

9. Негізгі ұйыммен спорттық қызмет туралы шартты бұзбай-ақ, спортшының бір ұйымнан басқа ұйымға уақытша ауысуына болады, ол ұйымдар арасындағы екіжақты келісіммен ресімделеді. Аталған келісімде уақытша ауысқан спортшының шарттары мен мерзімі айтылады.

10. Дене шынықтыру мен спорт саласындағы уәкілетті орган келіскеннен кейін спорт түрлері бойынша аккредиттелген ұлттық және жергілікті спорттық федерациялардан спортшы шетелдік дене шынықтыру-спорт ұйымына ауысқан кезде оған трансферттік карта (сертификат) беріледі, ол спорт түрінен халықаралық спорттық федерациялардың талаптарына сай болады және спортшының Қазақстан Республикасының ұлттық командасы үшін ресми халықаралық спорттық жарыстарға қатысуын көздейді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 26.06.2025 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.